



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

3-деңгейлі СМЖ
құжаты

2018 ЖЫЛҒЫ «24» 01 №1 басылым

Е 029-03-18.13.01-2018

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу
университеті» КЕАҚ білім алушыларына қаржылай көмек көрсету
жөніндегі комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

Е 029-03-18.13.01-2018

Алматы 2018

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Тіркеу кеңсесі **ӘЗІРЛЕДІ.**

Тіркеу кеңсесінің директоры

«04» 01 2018ж.

Б. Панабекқызы

2 КЕЛІСІЛДІ

Академиялық жұмыс жөніндегі
проректор

«22» 01 2018ж.

Р. Искаков

Қаржы және есеп департаментінің
директоры

«19» 01 2018ж.

К. Жұмабаева

Әкімшілік департаментінің директоры

«16» 01 2018ж.

Ю. Квашнина

Корпоративтік даму департаментінің
директоры

«12» 01 2018ж.

Ж. Файзуллаева

Студенттік мәселелер жөніндегі
департаментінің директоры

«10» 01 2018ж.

Р. Кельтенов

Білім сапасын лицензиялау,
сертификаттау және бақылау
басқармасының бастығы

«10» 01 2018ж.

А. Сауранбаева

Заң жүзінде қамтамасыз ету бөлімінің
бастығы

«08» 01 2018ж.

Д. Кульджанова

Кадрлар бөлімінің бастығы

«08» 01 2018ж.


Н. Ақжанова

Римановский директор
«19» 01. 2018ж.

Сәтбаев Қ.И.

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің
бастығы

« 05 » 01 2018 ж.



Ж. Оракбаева

3 Басқарманың 2018 жылғы «24» 01 № 5 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

Мазмұны

1 Жалпы ереже	5
2 Нормативтік сілтемелер	5
3 Терминдер мен анықтамалар	5
4 Комиссияның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қызметтері	6
5 Комиссия құрамы және оның қызметін ұйымдастыру	6
6 Қорытынды ереже	8
Қосымша	9
Өзгерістерді тіркеу парағы	13

1 Жалпы ереже

1.1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Университет) білім алушыларға қаржылай көмек көрсету жөніндегі комиссия туралы ережесі (бұдан әрі - Комиссия) Комиссия мүшелерінің мақсатын, негізгі міндеттерін, қызметі мен жұмысты ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ міндеттері мен құқықтарын анықтайды.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген жоғары және ЖОО-нан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымы қызметінің типтік ережелері.

2.3 ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қазандағы №602 бұйрығымен бекітілген Университет Жарғысы.

2.4 ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген, жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесі.

2.5 ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 136 бұйрығымен бекітілген, ҚР Президенті белгілеген шәкіртақыны тағайындау ережесі.

2.6 ISO 9001 сериялы халықаралық стандарт.

3 Терминдер мен анықтамалар

3.1 Осы Ереженің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мен анықтамалардың келесідей мағынасы болады:

- **көп балалы отбасы** – төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелет жасқа толмаған балалары бар (уақытша жоқтарын қоса алғанда) отбасы;

- **жетім** – ата-анасының қайтыс болуына байланысты екеуінен де айырылған білім алушы;

- **ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы** – ата-анасын ата-ана құқығынан айыруға немесе шектеуге, ата-анасының белгісіз жағдайлармен хабар-ошарсыз кетті деп тапқанда, оларды қайтыс болды деп хабарлағанда, жұмыс істеуге жарамсыз (жартылай жарамсыз) болғанда, әке-

шешесі бас бостандығынан айырылып, жазалау мекемелерінде болғанда, ата-анасы баланы тәрбиелеуден немесе баланың құқығы мен мүддесін қорғаудан бас тартқанда, соның ішінде ата-анасы баласын тәрбие немесе емдеу орталықтарынан алудан бас тартқанда, сондай-ақ басқа да жағдайларға байланысты ата-ана қамқорлығынан айырылған білім алушы.

4 Комиссияның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қызметтері

4.1 Комиссиясының негізгі мақсаты білім алушылардың білім алу қызметін ынталандыру, сонымен қатар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, мүгедек, көп балалалы отбасыдан, бір ғана асыраушысы бар және т.б. отбасыдан шыққан балалар санатына жататын тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсету.

4.2 Комиссиясың негізгі міндеті білім алушыларға олардың үлгерімдері, материалдық жағдайы мен әлеуметтік мәртебесі негізінде білім беру қызметіне жеңілдіктер беру.

4.3. Комиссия келесідей қызметтерді орындайды:

- бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға түскен талапкерлердің жекелеген санаттары үшін білім беру қызметтерінің жылдық ақысына жеңілдіктер тағайындайды (1-қосымша);

- Университеттің жекелеген санаттағы білім алушыларының үлгерімдері мен әлеуметтік мәртебесінің негізінде білім беру қызметтерінің жылдық ақысына жеңілдіктер тағайындайды (2-қосымша);

- жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқуға түсетін білім алушылардың жекелеген санаттары үшін білім беру қызметтерінің жылдық ақысына жеңілдіктер тағайындайды (3-қосымша);

- 4-қосымшада белгіленген критерийлерге сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігіне ұсыну үшін жоғары білім алу процесінде бөлінген мемлекеттік бос білім беру гранттарына үміткерлер тізімін және ҚР Президенті атындағы шәкіртақыға үміткерлер тізімін ұсынады.

5 Комиссия құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру

5.1 Комиссия құрамына төраға, хатшы және комиссия мүшелері кіреді. Комиссия құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі, бұйрық жобасын Тіркеу кеңсесі енгізеді.

5.2 Комиссия төрағасы Комиссия қызметін ұйымдастыруға басшылық етеді және Комиссияға жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді орындау үшін жеке жауап береді. Сонымен қатар, төраға:

- осы Ереженің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді;
- Комиссияның күн тәртібін бекітеді;
- Комиссия отырыстарына төрағалық етеді және отырысқа шақырады;
- Комиссия атынан шығарылатын құжаттарға қол қояды;
- Комиссия ұстанымына өкілдік етеді және Университет ректорының алдында есеп береді.

5.3 Комиссия мүшелері:

- Комиссияның барлық отырыстарына қатысуға және күн тәртібіндегі барлық сұрақтар бойынша дауыс беруге міндетті;
- Комиссия отырысына қатыса алмаған жағдайда Комиссия хатшысын алдын ала хабардар етулері керек;
- өз көзқарасын айтуға және оны дауысқа салуға құқылы.

Комиссия құрамына, сондай-ақ студенттік ұйымдардың мүддесіне өкілдік ететін Университеттің Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы кіреді.

5.4 Комиссия хатшысы:

- Комиссия қарауына берілген білім алушылардың өтініштері, анықтамалары мен басқа да құжаттарын, Комиссия отырысының хаттамаларын есепке алу және жинауды, сақтауды, отырысты ұйымдастыруға дайындықты жүзеге асырады;
- күн тәртібіне енгізілген мәселелер мен отырыстың өту мерзімін, уақытын және орнын Комиссия мүшелеріне хабарлайды;
- отырыс аяқталғаннан кейін Комиссия төрағасы және оның барлық мүшелері қол қоятын, Комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді.

5.5 Отырыста комиссия хатшысы болмаған жағдайда, отырыс хаттамасын жазу Төрағаның шешімі бойынша комиссия мүшелерінің біріне тапсырылуы мүмкін.

5.6 Қаржылай көмек көрсету жөнінде шешім қабылдау Комиссия мүшелерінің ашық түрде дауыс беруі арқылы іске асырылады. Дауыс саны тең болған жағдайда, Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

5.7 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында мемлекеттік білім беру грантын иеленген білім алушыларға бұдан алдын тағайындалған жеңілдіктер күшін жояды.

5.8 Оқу ақысын толықтай немесе жартылай компания, кәсіпорын, әкімшілік немесе жұмыспен қамтамасыз ету бөлімі төлейтін білім алушылар үшін жеңілдіктер қарастырылмайды.

5.9 Бірнеше санатқа сәйкес үміткерге максималды мөлшерге ие, тек бір ғана санат түрі бойынша жеңілдік беріледі.

5.10 Комиссия шешімі бойынша тағайындалған барлық жеңілдіктер ағымдағы оқу жылы үшін жарамды және оқу үлгерімінің нәтижесіне сәйкес қайта қаралуы мүмкін.

5.11 Академиялық қарыз болған жағдайда пәнді қайта оқу үшін барлық санаттағы білім алушыларға жеңілдік берілмейді.

6 Қорытынды ережелер

6.1 Комиссияға жүктелген міндеттерді тиісінше орындау үшін ол Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша дұрыс шешім қабылдауға қажетті құжаттар мен материалдарды алуға және сұратуға құқылы.

6.2 Осы Ереженің орындалуына бақылау жасау және өз уақытында өзектендірілуі, Университеттің мүдделі тұлғаларына жеткізу комиссия төрағасына жүктеледі.

6.3 Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу өзгертулерді тіркеу парағына жазу арқылы және осындай өзгертулер мен толықтыруларды бекіту немесе Университет Басқармасының шешімімен Ережені жаңа редакцияда жасау жолымен жүргізіледі.

6.4 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және белгіленген тәртіпте оны тоқтатқанға дейін күшінде болады.

1-қосымша

Бакалавриат бағдарламасы бойынша түсетін, әр түрлі санаттағы талапкерлер үшін білім беру қызметтерінің жылдық оқу ақысына берілетін жеңілдік мөлшері

Талапкер санаттары	Жеңілдік мөлшері (%)	Қажетті құжаттар	Жеңілдікті сақтау шарттары	
«Алтын белгі» белгісінің иегерлері	50	өтініш, куәлік, олимпиадаларда жүлделі орын берілгендігі туралы сертификат немесе мадақтама	семестрлік GPA 3,0 кем емес	
Халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпаздары	I орын			50
	II орын			40
	III орын			30
Үздік куәлік иегерлері; халықаралық және республикалық ғылыми жарыстардың жеңімпаздары (I, II, III орын)	25	өтініш, куәлік, ғалыми жарыстарда жүлделі орын берілгендігі туралы сертификат немесе мадақтама	семестрлік GPA 3,0 кем емес	
Мемлекеттік білім беру гранттарын беру байқауынан өтпей қалған жетім балалар және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар (21 жасқа дейін)*	100	өтініш, туу туралы куәлік, ата-анасының қайтыс болғандығы туралы куәлік немесе басқа да растаушы құжаттар	семестрлік GPA 2,5 кем емес	
Мүгедектер қатарындағы талапкерлер	I топ	өтініш, мүгедектік жөнінде анықтама	семестрлік GPA 2,5 кем емес	
	II топ			40
	III топ			30

Ескерту:

1. жеңілдік алу үшін барлық санаттағы талапкерлер үшін шекті ҰБТ балы – 100 балл (145-тен).
2. *осы санаттағы талапкерлер үшін 1 оқу жылы көлемінде пәнді қайталап оқу үшін 6-дан артық болмайтын кредит санын тегін өтуге рұқсат етіледі.

2-қосымша

Әр түрлі санаттағы білім алушылардың үлгерімі мен әлеуметтік мәртебесі негізінде жылдық оқу ақысына берілетін жеңілдік мөлшері

Талапкер санаттары		Жеңілдік мөлшері (%)	Қажетті құжаттар	Жеңілдікті сақтау шарттары
Оқу озаттары (GPA \geq 3,67)		50	өтініш, транскрипт	GPA 3,67 кем емес
GPA-лары 3,33-тен 3,66-ға дейін болатын білім алушылар		30	өтініш, транскрипт	GPA 3,33 кем емес
Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған білім алушылар (GPA 2,5 кем емес)		100	өтініш, туу туралы куәлік, ата-анасының қайтыс болғандығы туралы куәлік немесе басқа да растаушы құжаттар	GPA 2,5 кем емес
Мүгедектер қатарындағы білім алушылар (GPA 2,5 кем емес)	I топ	50	өтініш, мүгедектік жөнінде анықтама	GPA 2,5 кем емес
	II топ	40		
	III топ	30		
Көп балалы отбасыдан және халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобынан шыққан білім алушылар		5-20	өтініш, барлық балалардың туу туралы куәліктері, ата-анасының кірістері жөнінде анықтама және басқа да растаушы құжаттар	GPA 2,67 кем емес

3-қосымша

**Магистратура және докторантура бағдарламасы бойынша түсетін,
әр түрлі санаттағы білім алушылар үшін білім беру қызметтерінің
жылдық оқу ақысына берілетін жеңілдік мөлшері**

Білім алушы санаттары	Жеңілдік мөлшері (%)	Қажетті құжаттар	Жеңілдікті сақтау шарттары
Үздік диплом иегерлері және/немесе Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ түлектері	10	Өтініш, жоғары білім туралы диплом	GPA 3,0 кем емес

4 қосымша**Жоғары білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру критерийлері**

1. Жоғары білім алу процесінде бөлінген бос білім беру гранттары оқыту мамандықтары бойынша конкурстық негізде осы мамандық бойынша ақылы негізде оқитын білім алушыларға беріледі. Конкурс білім беру грантын беру туралы куәлікті берумен қоса аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша өткізіледі.

2. Бос білім беру гранттарын алуға арналған конкурсты өткізу кезінде үлгерімнің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда барлық оқу кезеңі ішінде тек қана А, А- ("үздік"), содан соң А, А- ("үздік") бағаларынан В+, В, В- ("жақсы") бағаларына дейін бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады.

3. Көрсеткіштер бірдей болған жағдайда А бағасы көп болатын білім алушыға басымдылық беріледі.

ҚР Президенті атындағы шәкіртақыны беру критерийлері

1. Шәкіртақы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізіндегі сияқты, ақылы негізде де күндізгі оқу түрінде білім алатын, тек "үздік" (А, А-) бағамен оқитын студенттерге 3 курстан бастап және магистранттарға екінші оқу жылынан бастап тағайындалады.

2. Шәкіртақы білім алушылардың келесідей санаттарына тағайындалады:

1) республикалық және халықаралық олимпиадалар, шығармашылық байқаулардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздарына немесе ғылыми жаңалықтар, өнертабыс авторларына;

2) ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда мақаласы бар білім алушыларға;

3) ғылыми-зерттеу жұмысымен белсенді айналысатын, жетістіктері дипломдармен, мадақтамалармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған білім алушылар;

4) білім ордасының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді ат салысатын білім алушыларға.

3. Шәкіртақыны тағайындау барысында үміткерлерді таңдау 1 және 2-тармақтарда баяндалған критерийлерге сәйкес жүргізіледі. Бірдей болған жағдайда, басымдыққа төмендегілер ие болады:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- бала жасынан мүгедектер, мүгедек балалар.

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгеріс тердің реттік нөмірі	Құжат бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, жою, қосу)	Хабарлам анын нөмірі мен түрі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, қолы, лауазымы